



БҰЙРЫҚ

27.12.2017

Жымпиты а.

ПРИКАЗ

№ 40

п. Жымпиты

**«Сырым ауданы әкімінің аппараты»
мемлекеттік мекемесінің сыбайлас
жемқорлыққа қарсы стандартын
бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағы негізінде сыбайлас жемқорлыққа стандарттарды әзірлеу және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының іске асырылуына сыртқы талдау және бағалау жөніндегі облыстық мониторингтік тобы отырысының 2017 жылғы 22 маусымдағы хаттамасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Сырым ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты осы бұйрықтың №1 қосымшасымен бекітілсін.
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Аппарат басшысы

Е.Сарсенов

«Сырым ауданы әкімінің аппараты» ММ
(ұйымның атауы)

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт

Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Сырым ауданы әкімі аппараты қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық жағдайларының туындауына жол бермеу мақсатында әзірленді.

1. Қоғамдық қатынас саласының атауы: Жергілікті атқарушы орган.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеуші органның атауы «Сырым ауданы әкімінің аппараты» ММ-сі.

3. Қоғамдық қатынастардың жеке саласына жұмыс істейтін адамдар іс-әрекет қағидалары.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарымен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

- Қазақстан Республикасының Конституциясына, қолданыстағы заңнамаларына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жұмыс жасау;

- Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес мемлекеттік бақылау және қадағалау жүргізу;

- Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау мен оларды қорғауды қамтамасыз етуге, азаматтардың өтініштерін заңмен белгіленген тәртіпте, мерзімде қарау және қажетті шаралар қолдану;

- Лауазымдық өкілеттіліктерін орындау барысында саяси партиялар мен қоғамдық және діни қауымдастықтардың қызметтерінен тәуелсіздік және бейтарап шешім қабылдау;

- Нормативтік құқықтық актілерде қайшы қабылданған және әртүрлі түсініктемелер анықталған жағдайда, нормативтік құқықтық актіні дайындаған құзіретті органға дереу хабарлау;

- Лауазымдық өкілеттіліктерін орындау барысында, ҚР Заңдарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, азаматтардың жеке өмірі және абыройын қозғайтын мәліметтерді жария етпеу және олардан мұндай ақпаратты талап етпеу;

5. Өз құзіреті шеңберінде басқарушылық және өзге шешімдерді даярлау және қабылдау

- Мүдделер қақтығысына жол бермеу;

- Бақылау және өзге де шараларды жүргізу барысында шешім шығаруды талап еткен жағдайда, сұрақтарды объективті, заңға сәйкес шешім қабылдау;

- Мемлекеттік қызметті жүзеге асыру кезінде, өзіне заңда көрсетілген міндеттерін орындауына қатысты ешқандай материалдық игіліктер, қызмет атқарулар және өзге де артықшылықтар қабылдамау;
- Өз өкілдіктерін берілген құқықтары шегінде және лауазымдық міндеттеріне сәйкес атқару;
- Қызметтік міндеттерді атқару барысында жеке және заңды тұлғалардың қалауына бас иеу, олардың ықпалынан тәуелсіз болу;
- Еңбек тәртібі және нормаларын мүлтіксіз сақтау, берілген міндеттерін тиімді атқару;
- Қызметтік міндеттерін дұрыс және сапалы атқарып, жұмыс уақытын тиімді пайдалану.

6. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындауға ұсыныс беру

- Нормативтік құқықтық актілерге ұсыныс беру кезінде Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуіріндегі «Құқықтық актілер туралы» заңына қатаң сүйіну;
- Нормативтік құқықтық актілердің өзіне және үшінші тұлғалардың игілігіне пайда табу мақсатында қабылдануына жол бермеу;

7. Жұмыс барысында туындайтын өзге қарым қатынастар

- Мемлекет мүдделеріне нұқсан келтіретін, мемлекеттік органдардың жұмысына кедергі болатын және беделін түсіретін әрекеттерге жол бермеу.
- Заңмен белгіленген тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылықтар жасамау;
- Іскерлік әдеп пен ресми тәртіп ережелерін сақтау;
- Ұжымда, әріптестердің абыройына нұқсан келтіретін жеке және кәсіптік қасиеттерін талқылаудан ұстану;
- Басшылықтың тапсырмаларын орындау барысында тек объективті және тексерілген ақпараттар ұсыну.

8. Өзге де шектеулер мен тыйым салулар

Егер мемлекеттік қызметшіге сыбайлас жемқорлық туралы ақпарат мәлім болған жағдайда, ол осындай құқық бұзушылықтардың алдын-алу және тоқтату үшін шаралар қолдануы қажет, сонымен қатар жоғары тұрған басшылығын, сол жұмыс жасайтын мемлекеттік орган басшылығын, күзіретті мемлекеттік органдарды хабардар ету қажет.